

**6D060100-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін жазылған Баяндиеев Ерик Нурлановичтің
«Коэффициенттері жылдам өсетін сингулярлы гиперболалық
тендеулердің шешімдерінің қасиеттері туралы» атты диссертациясына**

Ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның аясында орындалған:</p> <p>№ AP08855802 «<i>R</i>”-де коэффициенттері қатты өспелі және жылдам тербелмелі әралас типті операторлардың резольвенталарының бар болуы, компактілігі және меншікті, s-сандарының бағалаулары».</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	Жұмыс гиперболалық типті сингулярлы дифференциалдық операторлардың резольвенталарының бар болуы, компакттылығы және сингулярлы сандарының бағалаулары мәселелерін зерттеуге арналғандықтан, ғылымға елеулі үлес косады деп санаймын, себебі қазіргі уақытта шенелмеген облыста берілген және коэффициенттері шексіз өсетін дербес туындылы гиперболалық дифференциалдық операторлар үшін үзіліссіз қайтымдылық,

			бөліктену, спектр және резольвентаны аппроксимациялау мәселелері толық зерттелмеген. Бұл жұмыстың нәтижелерінің маңыздылығын айқындауды және маңыздылығы диссертацияда баяндалған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жогары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмыста барлық тұжырымдардың дәлелі толық берілген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі: 1) <u>негізделгей</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) <u>айқындауды</u> ; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертацияның маңызы мен өзектілігі кіріспеде толыктай ашылып негізделген. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын мазмұнын толық айқындауды. Диссертация 2 бөлімнен тұрады. Диссертациялық жұмыстың бірінші бөлімінде жолақта берілген коэффициенттері шексіздікте өсетін гиперболалық типті сингулярлы дифференциалдық операторының бір класы үшін резольвентаның бар болуы, компактылығы және меншікті мәндері мен сандарының бағалаулары мәселесі карастырылған. Екінші бөлімде жазықтықта берілген гиперболалық типті сингулярлы дифференциалдық операторы үшін

			резольвентаның бар болуы мен оператордың бөліктенү мәселесі қарастырылған.
		4.3. Мақсаты мен міндеттер диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық байланысқан: 1) <u>толық</u> байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жок	Диссертацияның екі бөлімі өзара тығыз және құрылымы логикалық түргыдан толық байланысқан. Бөлімдерде қарастырылатын мәселелер ортақ, зерттеу объектілері біршама жақын, зерттеу идеялары бағыттас.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u> ; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Диссертациялық жұмыста локализациялау әдісі, априорлы бағалау әдісі, Фурье түрлендірулері, сызықты тұйық операторлар мен салмақты функционалдық кеңістіктер теориялары әдістері колданылған. Алынған жаңа нәтижелердің негізінде белгілі нәтижелермен сынни талдау жүргізіліп, салыстырмалы бағалау келтірілген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен</u> жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер жаңа және төмендегідей: Жұмыстың бірінші бөлімінде шексіз жолакта берілген коэффициенттері шексіз өсетін гиперболалық типті дифференциалдық операторының бір класы үшін келесідей нәтижелер алынды: гиперболалық типті сингулярлы

		<p>дифференциалдық оператордың резольвентасының бар болу шарттары табылды; гиперболалық операторы үшін бөліктену шарттары алынды; гиперболалық типті дифференциалдық операторының резольвентасының компактылығын көрсететін кажетті және жеткілікті шарттар табылды; гиперболалық типті дифференциалдық операторы резольвентасының екі жақты сингулярлы сандарының (s-саны) бағасы алынды. Демек, оператордың меншкіті сандарын жоғарыдан бағалау мүмкіндігі табылды.</p> <p>Екінші бөлімде барлық жазықтықта берілген коэффициенттері шексіз өсетін гиперболалық типті дифференциалдық операторы үшін $L_2(R^2)$ кеңістігіндегі резольвентасының бар болуы мен бөліктенуі туралы теоремалар дәлелденді.</p>
5.2	Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?	<p>Диссертацияның негізгі теоремалары мен тұжырымдары гиперболалық типті дифференциалдық операторлар теориясында толығымен жаңа әрі ерекше болып табылады.</p>
1)	толығымен жаңа;	
2)	жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	
3)	жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	
5.3	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	<p>Жұмыста алғынған ғылыми нәтижелер толығымен жаңа әрі теориялық сипатта және ғылыми тұжырымдар гиперболалық типті дифференциалдық</p>
1)	толығымен жаңа;	
2)	жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);	

		3) жана емес (25% кем жана болып табылады)	операторлардың резольвентасының сапалық қасиеттерін терен зерттеуде қолданылуы мүмкін. Атап айтқанда оларды шексіз облыста гиперболалық типті дифференциалдық операторлардың резольвентасының бар болуын, компактылығын, спектрлік қасиеттерін зерттеуге пайдалануға болады.
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар гылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген/негізделмеген</u> (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Осы жұмыста алғынан нәтижелер мен корытындылар толығымен негізделген және дәлелдемелермен сүйемелденген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қагидаттар	<p>Әр қагидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қагидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді;</u></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жок</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия;</u></p> <p>2) жок</p>	<p>7.1 Диссертацияның қагидаттары дәлелденген.</p> <p>7.2 Нәтижелер тривиалды емес деуге болады.</p> <p>7.3 Қорғауға ұсынылған қагидаттар жаңа және гиперболалық типті сингулярлы дифференциалдық операторлардың жалпы теориясына қосылған комақты үлес болып табылады</p> <p>7.4 Гиперболалық типті дифференциалдық операторлардың резольвенталарының бар болуы, компактылығы және сингулярлы сандарының бағалаулары бойынша алғынан гылыми нәтижелердің қолдану деңгейі кен</p> <p>7.5 Ия. Негізгі нәтижелер:</p>

			<p>On the Resolvent Existence and Separability of a Hyperbolic Operator with Fast Growing Coefficients in $L_2(\mathbb{R}^2)$ (Filomat 35:3. – 2021. – p. 707-721. Q2);</p> <p>Existence and maximal regularity of solutions in $L_2(\mathbb{R}^2)$ for a hyperbolic type differential equation with quickly growing coefficients. (Eurasian Mathematical Journal. – 2020. – Volume 11. – № 1. – p. 95-100. Q3);</p> <p>Об операторе штурмалиуилля с отрицательным параметром в пространстве $L_2(\mathbb{R})$. (Вестник Национальной инженерной академии Республики Казахстан. – 2021. - №2(80). – с. 34-40);</p> <p>Existence and smoothness of solutions of a singular differential equation of hyperbolic type. (Bulletin of the Karaganda University. – 2022, – Vol.107, № 3. – P. 98-104)</p> <p>атты мақалаларда келтірілген.</p>
8.	Дәйектілік принципі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама накты жазылған	Ия. Жұмыстың негізгі нәтижелеріне қол жеткізу үшін жалпы салмақты
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) <u>иа</u> ;	функционалдық кеңістіктер теориялары және функционалдық талдау әдістері колданылды.
		2) жок	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндіреу және интерпретациялау әдістемелерін	Жұмыс нәтижесін алу үшін компьютерлік технологиялар колданылмаган, бірақ қазіргі заманғы жана локализациялау әдісі, априорлы бағалау әдісі,

		<p>пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	Фурье түрлендірулері, сзықты тұйық операторлар мен салмакты функционалдық кеңістіктер теориялары әдістері қолданылған.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	Ия. Диссертацияның теориялық қорытындылары эксперименттік зерттеулерді кажет етпейді, өйткені олар қисынды математикалық дәлелдеу қағидаттарына сүйенген. Қарастырған есептерге катысты леммалар мен теоремалар қатаң дәлелденген. Олардың толық дәлелдемелері берілген. Алынған нәтижелер мысалдар көмегімен сипатталған.
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінara расталған / расталмаған</p>	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен жоғары рейтингілі мерзімді басылымдардағы мақалаларға сілтемелермен расталған.
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті/жеткіліксіз</u></p>	Жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті дәрежеде көлтірлген.
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>и亞;</u> 2) жок</p>	Бұл жұмыста алынған нәтижелер, ең алдымен, шенелмеген коэффициенттері бар дербес туындылы дифференциалдық тендеулер мен операторлар теориясын толықтырып, терен зерттеуде маңызды үлес косады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p>	Ия. Жұмыста алынған ғылыми тұжырымдар гиперболалық типті дифференциалдық

		<p>1) <u>иј;</u> 2) жок</p>	операторлардың резольвентасының сапалық қаситеттерін терең зерттеуде колданылады. Диссертациялық жұмыстың практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары. Мысалы, толқындар теориясында.
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	Математиканың дифференциалдық тендеулерге қатысты бөлімдерінде алынған нәтижелердің практикалық колданыстары кен әрі ұсынылған әдістері толығымен жаңа.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.</p>	Академиялық жазу сапасы жоғары, жұмыс талапқа сай рәсімделген.

Пікір: Қазақстан Республикасы Фылым және жоғары білім министрлігінің ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету Комитеті алдында Баяндиеv Ерик Нурлановичке 6D060100-Математика мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру үшін ұсыныс-өтініш жасау.

Математика және математикалық моделдеу институтының
Бас ғылыми қызметкері,
физика-математика ғылымдарының
докторы



Жұматов С.С.